

Аудандық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттарды айқындау туралы

Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 30 наурыздағы № а-3/116 қаулысы . Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 сәуірде № 5326 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 " Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Есіл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттар осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Есіл ауданы әкімдігінің осы қаулысының орындалуын бақылау Есіл ауданы әкімінің орынбасары Г.Н.Сағнаевқа жүктелсін.

3. Есіл ауданы әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысы Әділет Департаментінде мемлекеттік тіркелгеннен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланғаннан күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Қалжанов

Есіл ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 30 наурыз
№ а-3/116 қаулысына
қосымша

Аудандық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттар

№ п/п	Өлшемшарттар атауы	Иеліктен айыру түрі
1	Егер мемлекеттің алдағы уақытта мемлекеттік меншік объектісін бақылауда мүдделігі болмаса.	Аукцион түріндегі жекешелендіру
2	Сату шартын бекіту арқылы уақыттың қандай да бір кезеңіне мемлекет тарапынан бақылауды сақтау қажеттілігі болса.	тендер түріндегі жекешелендіру

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК